

Басқарма

Басқарма Қордың тұрақты даму саласындағы стратегиялық бағдарларын іске асыруға жауап береді. Басқарма Төрағасы Жалғыз акционердің шешімімен тағайындалады, ал Басқарма мүшелері Қор Директорлар кеңесінің шешімімен сайланады.

Басқарма Топ компанияларына қатысты бірыңғай қаржылық, инвестициялық, өндірістік-шаруашылық, ғылыми-техникалық, кадрлық және әлеуметтік саясатты қалыптастырады, ұлттық компаниялардың атқарушы органдары басшыларының тағайындауларын келіседі, инвестициялық шешімдер мен жобалардың іске асырылуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдайды, бағынышты ұйымдар үшін әдістемелік ұсынымдар мен корпоративтік стандарттарды бекітеді, сондай-ақ компаниялардың қызметінің нәтижелерін қарап, тиісті есептерді Қор Директорлар кеңесіне ұсынады.

Басшы жұмыскерлер арасындағы міндеттер мен өкілеттіктерді бөлу Қордың ішкі құжаттарында бекітілген, бұл басқару құрылымының ашықтығын қамтамасыз етеді.

Қор Басқармасының құрамы



**Жақыпов
Нұрлан Қаршығаұлы**

Директорлар кеңесінің мүшесі,
«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма
Төрағасы



**Рысқұлов
Айдар Қайратұлы**

Экономика және қаржы жөніндегі
басқарушы директор



**Сатжан
Салтанат Ерболқызы**

Даму және жекешелендіру жөніндегі
басқарушы директор



**Отыншиев
Елжас Мұратұлы**

Стратегия және активтерді басқару
жөніндегі басқарушы директор



**Қазутин
Николай Юрьевич**

Құқықтық сүйемелдеу, қамтамасыз
ету және тәуекелдер жөніндегі
басқарушы директор



**Таубаев
Бақытжан Рыспекұлы**

Стратегия және активтерді басқару
жөніндегі бірге басқарушы директор



**Оспанов
Аблайхан Есенұлы**

Цифрландыру жөніндегі
басқарушы директор

2025 жылы Басқарма құрамында өзгерістер болды. Стратегия және активтерді басқару жөніндегі Басқарушы директор лауазымын атқарған Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлының өкілеттіктері 2025 жылғы 26 наурыздан бастап мерзімінен бұрын тоқтатылды. Бұл лауазымға бұрын стратегия және активтерді басқару жөніндегі бірге басқарушы директор лауазымын атқарған Отыншиев Елжас Мұратұлы сайланды. Стратегия және активтерді басқару жөніндегі бірге басқарушы директор лауазымына Таубаев Бақытжан Рыспекұлы сайланды.

Қор қызметі үшін цифрлық трансформацияның маңыздылығын ескере отырып, Басқарма құрамына Цифрландыру жөніндегі басқарушы директор лауазымы енгізілді. Бұл лауазымға Оспанов Аблайхан Есенұлы сайланды.

Басқарма мүшелерінің сыйақысы тұрақты және өзгермелі бөліктерден тұрады. Өзгермелі бөлік орта мерзімді мақсаттарға қол жеткізуге байланысты және Директорлар кеңесі бекітетін корпоративтік және функционалдық ҚНҚ-ге сәйкес белгіленеді. ESG–көрсеткіштер оның ажырамас бөлігі болып табылады.

2025 жылы Басқарма мүшелерінің тиімділіктің негізгі көрсеткіштері құрамына тұрақты даму саласындағы мынадай көрсеткіштер кірді:

- Сатып алулардағы ел ішіндегі құн үлесі
- Инвестициялық және төмен көміртекті жобаларды іске асыру
- Әлеуметтік тұрақтылық
- Қауіпсіздік мәдениетін дамыту
- Ашықтықты арттыру
- Қатысу өңірлеріндегі әлеуметтік қолдау

Координациялау және жекелеген бағыттарды пысықтау мақсатында Басқарма жанында алқалы органдар қызмет атқарады:

